

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ

Студенттер үшін ақпарат



ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР



САРАМАН



ҮЗДІК ДИПЛОМ
ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ
ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН
БАҒАЛАУ
ГРА ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАУ ЕСЕПТЕУГЕ
БОЛАДЫ?



АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ



ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУҒА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.



"FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

GPA ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушының үлгерім көрсеткіші ретінде GPA (Grade Point Average) қолданылады – таңдалған білім бағдарламасы бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы. Білім алушыны келесі курсқа көшіру үшін қолданылады.

Назар аударыңыз!

Сессияны оң бағаға тапсыру
жеткіліксіз!

Белгіленген бір курстан келесі
курсқа көшіру балын (GPA) жинау
қажет.

Бакалавриат үшін			
1-ші курстан 2-ші курсқа	2-ші курстан 3-ші курсқа	3-ші курстан 4-ші курсқа	4-ші курстан 5-ші курсқа
1,80	2,0	2,20	2,40
Магистратура үшін			
2,80			

Үздік диплом



1

Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің (қорытынды аттестациядан басқа) басқа түрлері бойынша А, А – "өте жақсы", В-, В, В+ – "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ қорытынды аттестацияны А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

2

Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар, қорытынды аттестацияға дейін 3,50 орта балын жинамаған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

Жазғы семестр


Оқу жылы аяқталғаннан кейінгі жазғы семестр жүзеге асырылады. Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

Келесі курсқа ауыстыру үшін қажетті ауысу GPA деңгейі, немесе ең төмен академиялық үлгерім деңгейі университеттің ғылыми кеңесімен белгіленеді.

**ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРДЕ БІЛІМ
АЛУШЫ 18-20 АКАДЕМИЯЛЫҚ
КРЕДИТТЕН АСПАЙТЫН ҚАЖЕТТІ
КРЕДИТТЕРГЕ ТІРКЕЛЕДІ.**

Курс бағдарламасын толық көлемде игерген, бірақ ең төменгі көшіру балын алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жеке пәндерді қайта оқу, емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі ақылы негізде беріледі.

Жазғы семестрге тіркелу көктемгі академиялық мерзім аяқталған соң академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі және бітіруші түлектерден басқа барлық оқу түрінде оқитын білім алушылар үшін ақылы түрде оқытылады. Жазғы семестр бекітілген кесте бойынша оқытушылардың кеңес беруі негізінде өткізіледі. Бітіруші түлектер үшін жазғы семестр өткізілмейді.



Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, GPA деңгейі, үздік диплом, жазғы семестр бойынша сұрақтарыңыз болса **факультет декандарына және**

Тіркеу офісімен байланысыңыз!

8 оқу ғимараты, 2 қабат 209 кабинет;

4 қабат 414 кабинет;

тел: 509668

Сараман

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикалар болып табылады.

Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы білім алушының нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

Егерде сіздің практика бойынша сұрақтарыңыз болса, **Мансап және жұмысқа орналастыру орталығына хабарласуыңызға болады.**

8 оқу ғимараты, 3 қабат, 310 кабинет

тел: 260373



Оқу процесін ұйымдастыру



Оқу процесін ұйымдастыру университет ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады.

Әр академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

Каникулдар білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі, демалыстың жалпы ұзақтығы, бітіруші курсты қоспағанда, кемінде 7 аптадан құралады.

Егерде сіздің аралық аттестаттация, сабақ кестесі, академиялық күнтізбе бойынша сұрақтарыңыз болса, **Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру бөліміне хабарласуыңызға болады.**

8 оқу ғимараты, 4 қабат, 413 кабинет

тел: 509444

Академиялық ұтқырлық

Академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді меңгереді. Бұл ретте білім беру ұйымдарының арасында екіжақты шарт жасалады. Басқа білім беру ұйымдарында алуан түрлі білім беру тәжірибелерінен пайда алу мақсатында "ұтқырлық терезелерінен" білім алушының басқа ЖЖОКБҰ-да игеретін уақытша шектеулері, оқу пәндері мен кредит көлемдері анықталады.

Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы қарастырған деңгейде шетел тілін білуі тиіс. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе болған елдегі оның баламасы болып табылады.

Транскриптке оқыту бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны енгізіледі. Білім алушы академиялық ұтқырлық шеңберінде толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін университет міндетті тәртіпте қайта есептейді.

Академиялық ұтқырлық бойынша сұрақтарыңыз болса Халықаралық қатынастар және көптілділік бөліміне хабарласуыңызға болады.
1 оқу ғимараты, 1 ші қабат,
104 кабинет
тел: 260625

Пәндерге тіркеу және жеке оқу жоспарын қалыптастыру

Білім алушылардың оқытудағы кредиттік технологиясы бойынша пәндерді таңдауға мүмкіндігі бар. Пәндерді таңдау пәндерге тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Оқу жылына арналған жеке оқу жоспарын білім алушы эдвайзермен бірлесіп жасайды..

Білім алушы өзінің жеке оқу жоспарын әзірлеп, білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсын толық меңгеруі тиіс.

Оқу пәндеріне тіркеу білім беру бағдарламасының оқу жоспары және пәндер каталогы негізінде жүзеге асырылады.

Тіркелу уақыты жоғары курстар үшін сәуір айының соңғы аптасы, бірінші курстар үшін тамыз айының соңғы аптасы болып табылады.

Оқу пәндеріне тіркеу университеттің PLATONUS жүйесінде декан бекіткен тіркеу кестесіне сәйкес белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

Тіркелуге ұсынылған пәндер туралы ақпарат пәндер (модульдер) каталогында (PLATONUS-та) орналастырылады. Пәндерді таңдау кезінде пәндерді оқу реттілігін ескеру қажет. Өткен семестрде пәннің пререквизиттерін меңгермеген білім алушы осы пәнге тіркеле алмайды..

Жеке оқу жоспарын қалыптастыру бойынша сұрақтарыңыз болса өз эдвайзеріңізге
ЖОЛЫҒЫҢЫЗ.

Оқу сабақтарына қатысуға қойылатын талаптар

Сабаққа қатысу университеттің барлық білім алушылары үшін міндетті болып табылады.

Білім алушының сабақтарды өткізіп алуына төмендегідей жағдайлар дәлелді себеп ретінде қарастырылады:

- білім алушының кәсіби өсуіне және университет мәртебесінің арттыруға арналған мемлекеттік, қалалық, республикалық іс-шараларға , конференцияларға қатысу себебі бойынша;
- отбасылардың мүшесіне (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі) күтім жасау бойынша;
- жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты (бірінші дәрежелік туыстық);
- бала күтімі бойынша;
- науқастануы бойынша;
- бала босанған кезде.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларды растайтын құжаттарды ұсыну талап етіледі. Іс-сапарлар, іс - шараларға қатысу кезінде-жоспарланған сапарға, іс-шараға кемінде 1 күн қалғанда жеке кесте рәсімделеді. Қалған жағдайларда құжаттарды ұсынуға кемінде 10 күнтізбелік күн аралығында мүмкіндік беріледі. Сабақтарды, ағымдағы, аралық бақылауды және аралық аттестаттауды дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, білім алушы барлық растайтын құжаттарды қоса бере отырып, деканның атына өтініш жазады. Декан білім алушының өтініші және растайтын құжаттар негізінде бақылау іс-шараларын тегін негізде толықтыру туралы шешім қабылдайды. Оң шешім қабылданған жағдайда деканат ағымдағы, межелік бақылауды немесе аралық аттестаттауды тапсырудың жеке кестесін беру туралы өкім шығарады. Растайтын құжаттарды белгіленген мерзімді бұза отырып ұсынған жағдайда декан білім алушының өтінішін қараудан бас тартуға құқылы. Оқу сабақтарын өткізіп алғаны үшін пәнді оқуға жіберілмеген, аралық аттестаттауға жіберу туралы рейтингісі болмаған (ағымдағы үлгерімнің төмендігі және сабаққа қатысуы) білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде осы пәнді қайта меңгеруге, аралық аттестаттауға рұқсат алуға құқылы. Ол үшін білім алушы қайтадан оқу пәніне тіркеу рәсімінен өтеді.

Егерде білім алушы 72 сағаттан артық себепсіз сабақ қалдырған жағдайда университетпен байланысын үзгені үшін университеттен шығарылады.



Біздің мекенжай:

+7 (7112) 51 26 32, +7 (7112) 51 42 66,

zapkazu@wku.edu.kz

Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Н.Назарбаев даңғылы 162,